

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Bolashaq» академиясы

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D04201 – «Құқықтану»



BOLASHAQ
ACADEMY

Est. 1996

Қарағанды, 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Bolashaq» академиясы



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D04201 – «Құқықтану»

Оқыту деңгейі: PhD докторантурасы

Берілетін дәреже: 8D04201 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторы

8 ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі

Заң пәндері кафедрасы

Қарағанды, 2020



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
8D04201 – «Құқықтану»

СМЖ ББ-2020
01 Нұсқа
күні 28.08.2020 ж.
3 беттің 13

Құрастырушылар – Академиялық комитет:

- Қабжанов Ақылбек Тайболатұлы - з.ғ.к., заң пәндері кафедрасының профессоры;
- Хан Александр Леонидович – з.ғ.к., заң пәндері кафедрасының профессоры;
- Абдижами Айтуган Жумахметовна – з.ғ.к., заң пәндері кафедрасының доценті;
- Оспанова Гульнар Слямжановна – з.ғ.к., заң пәндері кафедрасының доценті;
- Мухатаев Муратбек Мейрамович – «Атамекен» ҰКП заңгері;
- Манкаева Мира Маруарқызы- МЮ-19-1 тобының магистранты, 2 курс.

Білім беру бағдарламасы заң пәндер кафедрасының отырысында талқыланды. Хаттама № 1, «20» 08 2020ж.

Заң пәндері кафедрасының меңгерушісі

Кабжанов А.Т.

Білім беру бағдарламасы Академияның оқу әдістемелік кеңесінде талқыланды. Хаттама № 1, «20» 08 2020ж.

Білім беру бағдарламасының сараптамасы:

1. Қарағанды облысының "Атамекен" өңірлік кәсіпкерлер палатасы
2. Қарағанды облысының адвокаттар алқасы
3. Қарағанды облыстық сот

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Ережелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖБС сәйкес әзірленген.



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
8D04201 – «Құқықтану»

СМЖ ББ-2020
01 Нұсқа
күні 28.08.2020 ж.
4 беттің 13

1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты	Құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың жоғары деңгейі бар жоғары кәсіби мамандарды әзірлеу. Жүйелі білімі бар, юриспруденцияның әртүрлі салаларында зерттеліп, талқыланып жүрген заманауи мемлекеттік - құқықтық мәселелерге сын тұрғысынан баға беретін мамандарды әзірлеу. Мемлекеттік – құқықтық мәселелерді зерттеу үшін ғылыми әдістерді, осы әдістерді қолданудың дағдылары туралы кешенді түсінігі бар мамандарды әзірлеу. Дербес ғылыми зерттеуді жүргізе алатын, құқықтың әртүрлі салалары бойынша өзінің жеке қорытындыларын тұжырымдау құзыреті бар мамандарды әзірлеу.
Білім беру бағдарламасы бойынша кадр даярлау бағытының картасы	
Білім беру саласының коды мен атауы	8D042-бизнес, басқару және құқық
Даярлау бағытының коды мен атауы	8D042-Құқық
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	8D04201– «Құқықтану»
Бітірушінің біліктілік сипаты	
Берілетін дәреже	8D04201 «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша – PhD докторы
Маман лауазымдарының тізбесі	Associate-professor (доцент), жоғары оқу орындарындағы профессор, сот жүйесі, құқық қорғау қызметі және заң қызметімен байланысты мемлекеттік қызмет саласындағы басшылық лауазымдар
Кәсіби қызмет саласы	Ғылыми-зерттеу, ғылыми-педагогикалық, нормашығармашылық, сараптамалық-консультациялық, құқық қорғау және әкімшілік қызмет
Кәсіби қызмет нысаны	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және ғылым жүйелері үшін тиісті салалардағы пәндерді тереңдетіп оқыту, іргелі білім беру, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.
Кәсіби қызмет функциясы	Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау функциясы, қоғам мен мемлекет қызметінің барлық салаларында құқық пен заңның үстемдігін қамтамасыз ету функциясы, өзінің кәсіби деңгейін ұдайы арттыру функциясы, құқықтық заңдарды бұзудың кез келген көріністеріне төзбеушілік функциясы
Кәсіби қызмет түрлері	Құқықтық ғылым саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі, заң пәндерін оқыту саласындағы ғылыми-педагогикалық қызмет, сондай-ақ қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу, құқық қорғау қызметі, сондай-ақ әкімшілік қызмет саласындағы құқықтық нормаларды іске асыру.

2. Оқыту нәтижелері

кодта р	Жалпы құзыреттер	кодтар	Оқыту нәтижелері
ЖҚ 1	Құзыретті болу: Ғылым эволюциясындағы парадигмалардың ауысуы және дамуының негізгі кезеңдері туралы білімдерді игеруде, зерттеу саласындағы әдіснамалық ерекшеліктерді игеруде, өзінің жаңа ғылыми идеяларын генерациялауда, ғылыми танымның аясын кеңейте отырып, өз білімдері мен идеяларын ғылыми қоғамдастыққа жеткізе алу	ON1	Ақпаратты қабылдау, жалпылау, талдау, мақсаттарды қою және оларға қол жеткізу жолдарын таңдау дағдыларына ие; ғылымның эволюциясындағы парадигмалардың өзгеруі және ғылымның дамуының негізгі кезеңдері туралы біледі; тиісті білім саласының ғылыми мектептері, олардың теориялық және тәжірибелік әзірлемелері туралы біледі; тиісті салада әлемдік және қазақстандық ғылымның ғылыми тұжырымдамалары туралы түсінігі бар.
ЖҚ2	Құзыретті болу: Кәсіби этикалық сана-сезімнің жеткілікті деңгейіне жетуде, мақсатты болжауды, кәсіби және тұлғалық дамуды ұғынуда, кәсіби қызметтің стандартты емес жағдайларында шешім қабылдауда	ON2	- ғылыми зерттеулер үрдісін ұйымдастырып, жоспарлап және жүзеге асыра біледі; - өзінің одан әрі кәсіби дамуын жоспарлап, болжай алады; - зерттеу нәтижелерін жоспарлап, оларды болжай алады; - зерттеу үрдістерін жоспарлау, үйлестіру және іске асыру туралы біледі.
		ON6	- теориялық және тәжірибелік ғылыми зерттеулерді жүргізу дағдыларына ие; - ғылыми зерттеуде теориялық және қолданбалы міндеттерді қою және шешу дағдыларына ие; - тұлғааралық қарым-қатынас пен адам ресурстарын басқару мәселелерін түсінеді; - ғылыми жобалар мен зерттеулерге сараптама жасауды біледі; - үздіксіз кәсіби өсуге ұмтылады.
Кәсіби құзыреттер			
КҚ3	гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер саласында, оның кәсіби қызметін жүзеге асыруға сәйкес келетін білімнің қажетті тереңдігіне ие; түрлі құбылыстар мен процестерді ғылыми талдау және болжау негіздерін меңгерген,	ON3	- патенттік ізденудің негіздерін және қазіргі заманғы ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалана отырып, ғылыми ақпаратты беру тәжірибесін біледі; - ғылыми жаңалықтар мен әзірлемелерге зияткерлік меншік құқықтарын қорғау туралы біледі; - халықаралық ғылыми форумдарда, конференцияларда және семинарларда көпшілік алдында сөз сөйлеу, шешендік өнердің негіздерін меңгерген.
		ON10	- әртүрлі материалдық және процессуалдық құқық салаларындағы негізгі ұғымдардың, санаттардың, институттардың, құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық мәртебелерінің мәні мен мазмұнын біледі.

КҚ4	<p>алынған білімді практикада қолдану қабілетін көрсетеді, сыни талдау, заң техникасы, нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру және қолдану әдістерін түсінеді және қолданады; қажетті құқықтық ақпарат алудың оңтайлы жолдарын табады және қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, оны өңдей алады;</p>	ON4	<ul style="list-style-type: none"> - түрлі ғылыми теориялар мен идеяларды сыни талдау, бағалау, салыстыру дағдыларына ие болады; - зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды талдап, бағалап, салыстырып, қорытынды жасай алады; - әртүрлі қайнар көздерден алынған ақпаратты талдап, оны өңдей біледі; - заманауи теориялар мен талдау әдістеріне негізделген академиялық тұтастықпен сипатталатын дербес ғылыми зерттеу жүргізеді.
		ON7	<ul style="list-style-type: none"> - өзінің кәсіби қызметінің бейініне сәйкес нормативтік-құқықтық актілерді қолданады; - кәсіптік қызметтің бейіні негізінде нормативтік -құқықтық актілердің ерекшеліктерін біледі, талдайды; - нормативтік - құқықтық актілерге құқықтық сараптама жүргізеді; - нормативтік - құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың сипатына әсер ететін құқықтық құбылыстарды анықтайды; - құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудегі кемшіліктерді анықтайды.
		ON8	<ul style="list-style-type: none"> - құқықтық түсініктермен және санаттармен жұмыс істеп, оларды қолдана біледі; - заң құжаттарын дұрыс құрастырып, рәсімдеуді, заң деректерін және оларға байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды талдауды, құқықтық нормаларды талдауды, талқылауды, дұрыс қолдануды біледі; - заңға дәл сәйкес келетін шешімдерді қабылдауға, заңды түрде әрекет етуге; - білікті заң қорытындыларын, кеңестерін беруді біледі.
КҚ5	<p>әлеуметтік зерттеулердің мақсаттарын анықтауға және оларды жүзеге асыру үшін зерттелген ғылым әдістерін қолдануға қабілетті, пәнаралық жобалармен жұмыс істеуге дайын болу әлеуметтік зерттеулердің мақсаттарын анықтауға және оларды жүзеге асыру үшін зерттелген ғылым әдістерін қолдануға қабілетті</p>	ON5	<ul style="list-style-type: none"> - жаһандану және интернационализация жағдайында отандық ғылымның тенденцияларын, бағыттарын заңдылықтарын біледі; - ғылыми танымның әдіснамасын біледі; - тиісті саладағы әлемдік және қазақстандық ғылымның жетістіктерін біледі; - ғылым мен білімнің әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді және қабылдайды.
		ON9	<ul style="list-style-type: none"> - кәсіби қызметтің объектілері болып табылатын әртүрлі құқықтық құбылыстарды, заңдық фактілерді, құқықтық нормаларды және құқықтық қатынастарды талдау



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
8D04201 – «Құқықтану»

СМЖ ББ-2020
01 Нұсқа
күні 28.08.2020 ж.
7 беттің 13

			дағдыларын меңгерген; құқық қорғау және құқықты қолдану практикасын талдау, құқықтық мәселелер мен коллизияларды шешу дағдыларын меңгерген.
		ON11	Сот сараптамаларын, алдын-ала зерттеулерді тағайындағанда шешілуі тиісті сұрақтарды дұрыс қоя біледі, сарапшының қорытындыларының мазмұнын талдап, оларға дұрыс баға бере біледі, тергеу әрекеттерін, тактикалық операцияларды асыру барысында тактикалық әдістерді қолдана біледі; қылмыстарды жасауға септесетін мән - жайларды анықтауды, құқық бұзушылықтардың алдын-алу және болдырмау жөніндегі қызметті жоспарлап, оны жүзеге асыра алады

3 Пәндер туралы ақпарат

№	Цикл	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредиттер көлемі	Оқыту нәтижелері (коды)
1	БП/ЖК	Құқық философия	Құқықтың мағынасын, оның мәні мен ұғымын, оның негіздері мен әлемдегі орнын, құндылығы мен маңызын, оның адамның, қоғамның, мемлекеттің өміріндегі рөлін, халықтар мен адамзат тағдырларындағы рөлін зерттеу мен айналысатын философия мен юриспруденцияның бөлімі. Құқықтың философиясы «Құқықтық онтология», «Құқықтық гносеология», «Құқықтық аксиология», «Құқықтық антропология», «Құқықтық логика», «Құқықтық герменевтика» сияқты бөлімдерден тұрады.	5	ON1
2	БП/ТК	Дәлелдеме теориясы	Бұл дәлелдемелерді формальды математикалық нысандар ретінде қарастыратын, оларды математикалық әдістер арқылы талдайтын логиканың тарауы. Дәлелдемелер аксиомалар мен формальды жүйелерді шығару ережелеріне сәйкес тізім және ағаш сияқты жасалған индуктивті анықталған мәліметтер құрылымдары ретінде қарастырылады. Дәлелдемелер теориясы үлгілердің семантикалық теориясымен салыстырғанда синтаксистік болып табылады. Үлгілер теориясы және алуандықтардың аксиоматикалық теориясымен, есептеулердің теориясымен бірге дәлелдеу теориясы математиканың «төрт тірегі» деп аталады. Дәлелдеу теориясы берілген математикалық теория шеңберінде ұсынысты дәлелдеу мүмкін еместігін дәлелдегенде дәлелдеу ұғымының дәл анықтамасын қолданады. Дәлелдеу теориясы философиялық логика үшін маңызды болып табылады, онда теориялық – дәлелдемелік семантиканың идеясы, құрылымдық дәлелдемелер теориясының формальды-логикалық әдістерінің жүзеге асырылатынына негізделген идея дербес қызығушылық тудырады.	5	ON4
3	БП/ТК	Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың қауіпсіздігін	«Қылмыстық процессте қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері» курсына қазіргі жағдайда мемлекеттік қорғаудың	5	ON11

		қамтамасыз ету мәселелер	нақты шараларын тәжірибеде қолданудың мәселелері қарастырылады. Қылмыстық сот өндірісіне қатысатын тұлғалардың қауіпсіздігінің іс жүргізу кепілдіктері туралы айтылады.		
4	БП/ТК	Сот шешімін орындаудың мәселелері	Сот шешімдерін орындаудың мәселелері» курсы Қазақстан Республикасында атқарушылық іс жүргізудің неғұрлым маңызды мәселелерін, сондай-ақ атқарушылық құқықтың дамуының негіздері мен болашағын қарастырады. Сот шешімдерін орындаудың теориялық және тәжірибелік мәселелеріне ерекше назар аударылады, сондай-ақ туындайтын мәселелерді шешудің ықтимал жолдары ұсынылады.	5	ON11
5	КП/ЖК	Қылмыстарды саралаудың ғылыми негіздері	Пән нақты қоғамға қауіпті әрекетті дәл қылмыстық-құқықтық бағалаудың ғылыми негізделген аспектілерін, яғни қылмыстарды саралауды зерттейді. Қылмыстарды саралау жасалған қоғамға қауіпті әрекеттің белгілері мен қылмыстық заңның нормаларында қарастырылған белгілердің дәл сәйкес келуін анықтауды білдіреді. Оқу үрдісі барысында қылмыстарды саралау теориясының негізгі ережелері қарастырылып, қылмысты дұрыс саралаудың дағдылары қалыптасады, қылмысты қылмыстық емес құқық бұзушылықтардан және моральға қарсы қылықтардан ажырату үйретіледі, қылмыстық заңның олқылықтарын, қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекесі мен құқықтық коллизияларды анықтаудың дағдылары қалыптасады; қылмыстарды саралау барысында туындайтын мәселелерді шешу жолдарын анықтау дағдылары қалыптасады.	5	ON5/ON8
6	КП/ТК	Қылмыстық заңдылықты жетілдіру мәселелері	«Қылмыстық заңнаманы жетілдірудің мәселелері» курсы – Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқылатын бейіндік пәндердің бірі болып табылады. Қылмыстық құқықты оқыту қылмыстық заңның әлеуметтік-саяси мағынасын және заңдық мазмұнын, оның құрамдас нормалары мен институттарының өзара байланысын ашуды, оларды ғылыми талдау әдістерің меңгеруді қарастырады.	5	ON2
7	КП/ТК	Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату	«Қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босату» курсы – қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босату, сондай-ақ басқа да қылмыстық – құқықтық сипаттағы шараларды қолданумен	5	ON6

			байланысты қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу саласындағы ғылыми білім мен тәжірибелік дағдылардың жүйесі		
8	КП/ТК	Қылмыстық саясаттың мәселелері	«Қылмыстық саясаттың мәселелері» курсы заманауи қылмыстық саясаттың теориялық және қолданбалы негіздері (мемлекеттік – құқықтық саясаттың құрамдас бөлігі ретінде) туралы білімді зерттеп, Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық-атқарушылық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының ережелерін терең меңгеруді, дербес ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметтің дағдыларын дамытуды қарастырады	5	ON12
9	КП/ТК	Конституциялық құқықтың теориясы мен практикасы	Конституциялық құқық теориясы мен практикасының мәселелері қоғам мен мемлекеттің барлық салаларында конституциялық қатынастарды дамытудың қазіргі тенденцияларын түсі нуге мүмкіндік беретін пән болып табылады. Бұл бағдарлама магистранттар бакалавриат бағдарламаларында оқуды сә тті аяқтап, «Мемлекет және құқық теориясы», «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы», «Шет мемлекеттердің конституциялық құқығы» негізгі курстарын оқып, құқықтық терминологияны біледі және құқықтық ақпаратты таба алады. Бағдарлама тақырыптық жоспардың бекітілген тақырыптарының әрқайсысына терең зерттеу сұрақтарын, сонымен қатар өздік жұмыстарға арналған тапсырмаларды және қосымша әдебиеттер тізімін, нормативтік-құқықтық актілерді және ресми ақпараттың интернет-көздерін ұсынады.	5	ON7
10	КП/ТК	Азаматтық құқықтың өзекті мәселелері	Пәнде: азаматтық құқықтың өзекті мәселелері кәсіби түсініктік аппараты қалыптастыру, құқық қолдану тәжірибесін талдау, материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларын жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру.	5	ON3/ON9
11	КП/ТК	Қылмыстық процестің мәселелері	Оқу арнайы курсы қылмыстарды анықтау, ашу, тергеу және алдын алу ерекшеліктерін теориялық ұғынуға, сондай-ақ криминалистикалық ғылымның проблемалық аспектісіне арналған.	5	ON10
12	ПП/Ж	Педагогикалық практика	Алған білімін практикамен ұштастыра отырып, өз мамандығы	10	ON4

	К		<p>бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жасауды меңгереді.</p> <p>Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің принциптері мен тәсілдерін біледі. Ғылыми пайымдау, тұжырым жасауға, зерттеуші ретінде ой қорытуға дағдыланады. Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау және теория мен практиканы ұштастыру құзыретіне ие болады.</p>		
13	ЗП/ЖК	Зерттеу практикасы	<p>PhD докторын даярлаудың білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағыттылығына ие және іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу дайындығын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі мен ғылыми сала үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша пәндерді тереңдетіп оқытуды көздейді. Бейін бойынша докторды даярлаудың білім беру бағдарламасы іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеушілік дайындықты және тиісті бағыттар бойынша пәндерді тереңдетіп оқытуды көздейді.</p>	10	ON6
14	ДФЗЖ/ МК	Докторлық диссертацияның орындалуын және тағылымдамадан өтуді қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	<p>Оқу ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі міндеттері: - докторанттардың танымның ғылыми әдістерін меңгеруі, оқу материалдарын терең және шығармашылық игеру; - оқыту әдістемелері мен тәсілдерін дербес және ғылыми ұжымдардағы жұмыс дағдысы; - олардың жұмысын ұйымдастыру әдістерімен танысу, докторанттарда ғылымға бейімділігін үздіксіз жаңарту мен байытуға бағытталған өзіндік, шығармашылық, белсенді іс-әрекетке қабілеттілікті қалыптастыру</p> <p>Жоғары мектепте білім беру және тәрбие үрдісін жүзеге асыру бойынша білім алушылардың практикалық қызметінің түрі болып табылады, ол оқу курстарын оқытуды, докторанттардың оқу қызметін ұйымдастыруды, ғылыми-әдістемелік жұмысты, практикалық оқытушылық қызметтің дағдылары мен іскерлігін алуды қамтиды.</p>	123	ON6



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
8D04201 – «Құқықтану»

СМЖ ББ-2020
01 Нұсқа
күні 28.08.2020 ж.
13 беттің 13

	2 Модуль бойынша барлығы				20	600		2	
МБ ММ	GZ 03 Ғылыми-зерттеулік	ЖК		Зерттеу практикасы	10	300			ON6
	3 Модуль бойынша барлығы				10	300			
МБ ММ	Att04 Аттестациялық	МК	ДҒЗЖ	Докторлық диссертацияның орындалуын және тағылымдамадан өтуді қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	123	3690	1,2,3,4,5,6	есеп	ON6
		МК	ДДРҚ	Докторлық диссертацияны ресімдеу және қорғау	12	360			
	4 Модуль бойынша барлығы				135	4050			
	Оқу жоспары бойынша барлығы:				180	5400		5	